

SikaTile-555

ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Жапсарларға арналған суға төзімді, созылғыш бітегіш ерітінді

СИПАТТАМАСЫ

Sika Tile-555 – керамика, фаянс, мәрмәр, гранит, табиғи тектес тас және кірпіш арасындағы саңылау-жапсарларды бітеуге арналған, температура ауытқуының салдарынан туындайтын созылуға, деформацияға және дірілге төзімді көркемдік, суға төзімді дайын қоспа.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

- Өкімшілік ғимараттар
- Сауда және өнеркәсіптік алаңдар
- Мейманханалар
- Медициналық мекемелер
- Жүзу хауыздары
- Сыртқы және ішкі жұмыстар үшін

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Жарылып кетпей, жақсы қатады және ені 2-8 мм саңылауларды (ойықтарды) өңдеу барысында керамиканың шетіне жабысады

- Дайындалуы оңай
- Эмальданған беттерді тырнамайды
- Пайдаланудың ұзақ мерзімі
- Тегіс бетке ие
- Суға төзімді
- Стандартты түстер
- Соққыға және дірілге төзімді
- Оңай жағылады
- Жуушы құралдарға төзімді

БЕТТІ ДАЙЫНДАУ

Керамиканы жапсыру үшін қолданылған ерітінді жақсылап қатқанша жеткілікті уақыт бойы күте тұрыңыз. Бетті тарақпен немесе саңылауларға сай келетін таяқшамен тазартыңыз және ылғал губкамен сүртіңіз. Осыдан кейін дайындалған жапсарларға арналған бітегіш ерітіндіні жағуға болады.

СУМЕН АРАЛАСТЫРУ

Sika Tile-555

1 кг – 0,305 л

20 кг – 6,1 л

Егер ерітінді қабырғаға жағылатын болса, онда ерітіндіге арналған судың мөлшерін арттыруға болады.

ЖАҒУ ӘДІСІ

Резіңке қалақшаның көмегімен керамика арасындағы саңылаулар Sika Tile-555 ерітіндісімен бітеледі. Артық жағылған мөлшері жапсардың дигоналды бағыты бойынша алынып тасталады. Егер жапсарлар (саңылаулар) терең болса, бітеп тегістеуді екі қабатпен жасауға болады. Бірінші рет жаққаннан кейін Sika Tile-555-тің кебуін күте

тұру қажет, ал одан кейін екінші қабатын жағу керек. Бітегіш ерітінді аздаған беріктікке жеткен кезде, бетті ылғал губкамен тазарту қажет, және толтырғыш түпкілікті тегістеледі. Келесі күні, Sika Tile-555 кебе салысымен, керамика құрғақ және таза шүберекпен тазартылады.

ТҮСТЕРІ

- Caramel (Карамель түстес)
- Balibraun (Қоңыр)
- Anemone (Сарғыш)
- White (Ақ)
- Black (Қара)

ЕСКЕРТУ

Егер керамика сыртқы беттерге қаланған болса, алғашқы 20 сағатта оны тура күн сәулесінен, желден, жаңбырдан және аяздан қорғау қажет. Егер жағылатын беттің және қоршаған ортаның температурасы +5°C-тен төмен болса, ерітіндіні жағуға болмайды. Кейін келе жатқан Sika Tile-555 материалына ешқашан су немесе ұнтақ қосуға болмайды. Sika Tile-555-ті жаққаннан кейін 15-20 минуттан кейін саусақтармен басып сынақ жасап көріңіз. Егер сынақ жасау кезінде материал орнықты болса және саусақтарға жабыспаса, таза және ылғал губкамен тазарту қажет. Осылайша, толтырғыштың шаңдануы, жарылып кетуіне жол берілмейді және тегіс тамаша бет пайда болады. Бетті ағаш үгіндісімен тазартуға болмайды.

ҚАПТАЛУЫ

5-20 килограмдық, полиэтилен қосылған қағаз крафт-қаптар.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ. САҚТАУ, ЖОЮ.

Қалған ерітіндіні дренаж жүйесіне және кәрізге төгуге тыйым салынады. Қалдықтарды жою жөніндегі жергілікті ережелерді басшылыққа алыңыз. Қоспалары бар қаптар қаптаманың сақталуын қамтамасыз ететін және жерден аздап биіктегі түптағандарда ылғалдан қорғайтын жағдайларда +5°C-тен төмен емес температурада сақталуы тиіс. Ұсынылған сақтау шарттарын бұзу материалдың немесе қаптаманың зақымдалу себебі болуы мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Материалды пайдалану кезінде арнайы киімді, қорғаныс көзәйнектерін және қолғаптарды пайдалану қажет. Материалдың теріге түсуіне жол бермеу қажет, түскен жағдайда судың көп мөлшерімен гигиена құралдарын қолданып жуу қажет. Толығырақ ақпаратты осы материал бойынша Қауіпсіздік Ережелерінен (MSDS)табуға болады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ*

Тығыздығы	1,4 г/см ³
Түсі	Сұр
Жағылатын беттің температурасы	+5 бастап +30°C дейін
Жұмыс температурасы	-20 бастап +80°C дейін
Дайындалған ерітіндіні тұндыру уақыты	3 минут
Дайын ерітіндімен жұмыс істеу уақыты	30 минут
Беттің үстінде жүруге тыйым салынған	24 сағат

*Жоғарыда көрсетілген цифрлар тек қана басшылыққа алуға арналған және техникалық сипаттамалардың негізі ретінде пайдаланылмауы тиіс.

Ескерту:

Техникалық сипаттамада ұсынылған барлық ақпарат шынайы, дәл болып табылатынына және мазмұнында тексерілген деректер мен барлық жинақталған тәжірибені үйлестіретініне қарамастан, компания материалды арналымы бойынша пайдаланбау үшін, техникалық ұсыныстарды беру үшін және өзіміздің өкілдеріміз бен дистрибьюторларымыздың әрекеттері үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Техникалық сипаттамада көрсетілген барлық деректер уақыт өткен сайын жаңартылып отырады, жаңартылған соңғы нұсқаны алу тұтынушының міндеті болып табылады.

Сика Централ Эйша ЖШС

050016, **Almaty**, Kazakhstan

100/5, Mamyr-4 dstr., 4th floor Raiymbek ave., 211A

Phone +7 (727) 39 000 39

Phone +7 (727) 222 12 83

E-mail: info@kz.sika.com

www.sika.kz

060021, **Atyrau**, Kazakhstan

Azattyk ave., 116A

Phone +7 (7122) 30 88 22

010000, **Astana**, Kazakhstan

Beisekbayeva street, 24/1

Phone +7 (7172) 69 51 84